

**Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті
орталық аппаратының құрылымы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1800.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.29. N 1673 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы осы аппарат қызметкерлері санының шегінде 70 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 3 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамында 9 адам бар алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін қызмет бабында пайдаланылатын 4 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 715 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 203-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

мыналардың күші жойылды деп танылсын:

5-тармағы, 6-тармақтың бірінші абзацы және "Қазақстан

Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы мен адам саны" қосымшасы;

7-тармақта "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін 5" сөздері алынып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 715 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1039 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1800 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі
мемлекеттік комитеті орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін
сату басқармасы

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру басқармасы

Талдау, бақылау және жекешелендіруден кейін қолдау басқармасы

Агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындарын жекешелендіру бөлімі

Жеке жобалар бойынша жекешелендіру бөлімі

Қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі

Ұйымдық-кадрлармен жұмыс бөлімі

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі

